

Сүлейменов П.М.¹, Қасымбаев Қ.².

¹саяси ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: spirimbek@mail.ru

²Шығыстанушы докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kuanishnm@mail.ru

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «БАҚЫТ» ИДЕЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада, әл-Фарабидің «бақыт» идеясының әлеуметтік мәдени негіздері әлеуметтік мәдени феномен ретінде, ғылыми теориялық тұрғыда жан-жақты қарастырылады. Бұл феномен тікелей адам жанымен тығыз байланысты, сонымен қатар, әрбір жеке тұлға қоғамның мүшесі болуға, өзінің жеке кемелінің деңгейіне жетуге, соның нәтижесінде өзіне қойылған басты мақсатқа жетуге ұмтылады. Бақытқа жетуге ұмтылған іс-қимылдардың барлығы әл-Фарабидің ой-пікірінше, белгілі бір уақытта қоғамдық құндылық болып тұжырымдалады. Бақыт ұғымы әл-Фарабидің әлеуметтік мәдени негіздерінің өзегі болып отыр. Бұл құбылыстың адам үшін құндылығы өте зор екендігі әрдайым ескертіліп отыратыны анық. Бақыт идеясын дүниеге келтіретін нәрселер адамгершілік пен әдеттер – бұл қайырымды ұғымдар. Бақыт дегеніміз – әрбір адам баласы ұмтылатын жоғары мақсат екендігін нақтылап берген Фараби бақытқа білім мен игілік істер істеу нәтижесінде ғана жетуге болатындығын айтады. Білім алудың негізгі мақсаты жеке адами тұлғаны кемеліне жеткізу болатын болса, ал дүниедегі адамзат баласының өмір сүруінің негізгі басты мақсаты жақсылық – ол жоғары дәрежеде танылатын бақытқа жету деп анықталады.

Түйінді сөздер: Білім, ұғым, бақыт, мәдениет, қайырымды қала, этика, жеке тұлға, игілік, адамгершілік, даналық, феномен, басшы.

Suleimenov P.M.¹, Kassymbaev K.²

¹Candidate of Political Science, Associate Professor Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: spirimbek@mail.ru

²Востоковед докторант, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: kuanishnm@mail.ru

SOCIO-CULTURAL FOUNDATIONS OF AL-FARABI'S IDEA OF "HAPPINESS"

Abstract

The article examines the socio-cultural foundations of al-Farabi's idea of "happiness" as a socio-cultural phenomenon from a scientific and theoretical point of view in detail. This phenomenon is directly related to the human soul, and each individual seeks to become a member of society, to achieve his level of personal perfection and, as a result, to achieve the main goal set for him. According to al-Farabi, all actions aimed at achieving happiness, at a certain stage, are formulated as social values. The concept of happiness underlies the socio-cultural foundations of al-Farabi. It is often said that this phenomenon is of great value to humans. Volunteering to achieve happiness is a wonderful thing to do. Morality and the habits that generate them are good things.

Al-Farabi stressed that happiness is a great goal that everyone strives for, and happiness can be achieved only through knowledge and goodness. The main goal of education is personal improvement, and the main goal of a person's existence in the world is defined as the achievement of happiness, which is recognized as the highest level of absolute goodness.

Key words: knowledge, understanding, happiness, culture, virtuous city, ethics, personality, goodness, morality, wisdom, phenomenon, leader.

Сүлейменов П.М.¹, Қасымбаев Қ.²

¹Кандидат политических наук, доцент, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: spirimbek@mail.ru

²Востоковед докторант, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: kuanishnm@mail.ru

СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ ОСНОВЫ ИДЕИ АЛ-ФАРАБИ О «СЧАСТЬЕ»

Аннотация

В статье детально рассматриваются социокультурные основы представления аль-Фараби о «счастье» как социокультурном феномене с научной и теоретической точки зрения. Это явление напрямую связано с душой человека, и каждый индивидуум стремится стать членом общества, достичь своего уровня личного совершенства и, как следствие, достичь поставленной перед ним главной цели. По словам аль-Фараби, все действия, направленные на достижение счастья, на определенном этапе формулируются как социальные ценности. Концепт счастья лежит в основе социокультурных основ аль-Фараби. Часто говорят, что это явление представляет большую ценность для человека. Добровольные действия по достижению счастья является - прекрасный поступок. Мораль и привычки, которые их порождают, - это хорошие вещи.

Аль-Фараби подчеркнул, что счастье - это великая цель, к которой все стремятся, а достичь счастья можно только через знания и добро. Основная цель образования - совершенствование личности, а главная цель существования человека в мире определяется как достижение счастья, которое признается наивысшим уровнем абсолютного добра.

Ключевые слова: знание, понимание, счастье, культура, добродетельный город, этика, личность, добро, мораль, мудрость, феномен, лидер.

Кіріспе

Тарихи тұлғалармыздың рухани құндылықтарын зерттеу насихаттау біз үшін парыз. Шығыстың ұлы ойшылы философ, ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің мәдени рухани мұрасы әлемдік ғылым мен өркениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан анық. Ғалымның айтқан әрбір ойы немесе келтірген пікірі, талдаған сараптаулары қазіргі қоғамда қордаланған кейбір мәселелеріне дәл тиіп жатады. Уақыт озсада, әл-Фараби мұрасы ортайған емес, қайта жылдар санап толысып келеді. Өзінің еңбектерінде Әбу Насыр әл-Фараби өз заманындағы адамгершілік, бақыт, ізгілік пен достық, пәлсафалық ойлар, өнер мен мемлекеттілік құрылымдар туралы келелі пікірлерін ортаға салды. Соның ішінде бақыт идеясының әлеуметтік мәдени негіздерін кеңірек қарастырады.

Адамзат баласының бақытты болуға ұмтылу ол жаратылысынан сіңген табиғи құбылыс деп айтуымызға негіз бар. Философиялық тұрғыда айтар болсақ бақыт – адам баласының өмір қызығы мен сәтті күндерінің қуанышына, рахатына қанағаттану дәрежесін білдіретін мәдени және этикалық ұғым. Әбу Насыр әл-Фараби бақытты, әрадамның өміріндегі алға қойған мақсаты ретінде түсіндірген, оның көзқарасы негізінде, жеке тұлға осы өмірге бақытқа жету үшін келген. Адам баласы шынайы бақыттың не екенін білгенен соң, ол оны өзінің өмірлік мақсаты етіп, соған ұмтылып отыру қажет екендігін негіздейді.

Шығыс араб-мұсылман философиясының көрнекті өкілі ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби мұрасындағы «бақыт» мәселесінің маңыздылығы оның әлеуметтік мәдени негіздері қазіргі кезеңдегі қоғам дамуымен ұштасып жатқандығы анық. Бақытқа жету – әл-Фараби идеясының негізгі алдына қойған басты мақсаттарының бірі деп айтуға болады. Адам баласы өз өмірінде бақытты болуға ұмтылатыны, және соған тырысатыны шындық. Бірақта бақыт ұғымын әркім әркім түсінеді. Кейбіреулер үрім-бұтағым, көп болса бақыттымын дейді, ендігі біреулер білім іздеп, ғалым болсам бақыттымын деп ойлайды. Дегенмен, әрадамның бақыт туралы түсініктері әр түрлі бір-біріне ұқсамайды.

Әбу Насыр әл-Фараби «Бақытқа жол сілтеу» атты трактатында «Адам шексіз бақыт туралы оның өз түсінігі ең дұрыс және ең ұлы немесе ең жетілген игілік деп сенеді» - дей отыра, «адам бақытының шыңына жету өзі үшін соған жетуді қалайтын адамнан оны игерудің әдісі мен амалын табуды талап етеді» және «артынан не мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайлардың жиынтығы қосыла келгенде ол адам бақытқа жетеді» [1.5-6] – деп тұжырымдайды.

Әл-Фарабидің ойынша, «әрі мақтауға, және әрі жазғыруға соқтыратын мұндай жағдайлар үшеу» екен: бірінші – жеке адамның іс-әрекеті, мысалы, орынан тұруы, жүру, отыруы, көруі, естуі, сөйлеу; екіншісі – жандүниесі сезімдері, мысалы, құштарлық, ұнату, рахаттану, қуанышы, қорқынышы, күйінуі, ашулану, қызғанышы; үшіншісі – ақыл-парасаты.

Адам баласына қуаныш әкелетін қызықты оқиғалар – қомақты табысқа қол жеткізу, еңбегінің мадақталуы, алдына қойылған мақсаттардың іске асуы, отбасының қызығы. Адамның қуанышты сезімі, кісінің жігеріне жігер қосады. Дегенмен бақыт пен қуаныш арасында аздап айырмашылық та бар. Қуаныш өткінші сияқты, жеке бір сәтке байланысты болатын болса, ал бақыт – адамның бүкіл өмірінің негізгі арқауы. Өмірде адамгершілікке жатпайтын, әдептілік қағидаларға сымайтын, жалған қуаныштардың да өмірде болуы мүмкін. Қазіргі таңда бақытты өмір сүру негізі өркениеттік құндылықтармен тікелей байланысты», - дейді Е.С.Омаров [2.13].

Тақырыпты тандауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Әл-Фарабидің «бақыт» ұғымы адам баласының рухани құндылықтарының бірі болғандықтан оның әлеуметтік-мәдени рөлі ерекше. Қазақ даласынан шыққан әйгілі ғұлама философ Әбу Насыр әл-Фарабиден бізге жеткен еңбектерінде «бақыт» идеясын зерттеп, зерделеп, ғалымның танытқан ұғымын әлеуметтік-мәдени негіз тұрғысынан қарастыру қазіргі таңда *өзекті* мәселе деп білеміз. Мақаланың зерттеу нысаны ұлы ойшыл әл-Фарабидің бақыты идеясы болса, ал *зерттеу* пәні ретінде әл-Фарабидің әлеуметтік мәдени негіздері талданады. Зерттеуіміздің *мақсаты* болған, әл-Фарабидің еңбектері мен әл-Фарабиді зерттеген ғалымдардың еңбектерінде «бақытты» зерделеу үшін келесі *міндеттер* қойылды:

Әл-Фарабидің бізге жеткен еңбектерінің ішінде, әлеуметтік мәдени негіздері ретінде «бақыт» идеясын зерделеу. Компаративистикалық талдау негізінде шетелдік және қазақстандақ ғалымдардың зерттеулеріндегі тақырыпқа байланысты жазған ғылыми көзқарастарын көрсету;

«Бақыт» ойшылдың әлеуметтік мәдени философиясындағы және этикасындағы орталық түсінік екенін айқындау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Бұл мақалада әл-Фарабидің «бақыт» идеясының әлеуметтік мәдени негіздеріне ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдау жасалынады. Әл-Фарабидің «бақыт» ұғымының әлеуметтік мәдени негіздерін және оның теориялық маңыздылығын талдау барысында ғылыми бағыт негізінде салыстырмалы ғылыми-теориялық зерттеу әдістері қолданылады. Сонымен қатар зерттеу жұмыс барысында алыс жақын шетелдік және қазақстандық зерттеуші ғалымдардың еңбектеріндегі зерттеу жұмысына байланысты жазған ой пікірлерін негізгі дереккөз ретінде ұсынылады. Мәтіндерге герменевтикалық және компаративистік, стилистикалық зерттеу әдістері арқылы талдау жасалынады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Ақиқатын айтқанда әл-Фараби шығармалары адамзаттың адами санасын адамша өмір сүре алатын шыңының теориялық негіздерге сүйене отырып, оның практикасын жасай алатын мүмкіндігін көрсетіп берді. Сондықтан да әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығына заманауи тұрғыдан жаңаша қарап, оның өшпес ізі мен негізгі ойларын сараптап, адамға жүктелген міндет не екенін тереңірек ұғуға әрекет жасадық.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қалыптастырып, дамуыту тарих сахнасындағы дара тұлғаларымызды дәріптеу біз үшін парыз. Осыны негізге ала отырып бабаларымыздың ғылыми шығармаларын тәуелсіздік тұрғысынан сараптау уақыт еншісінде болмақ. Адам баласы, адамгершілік, бақыт, адамның кейбір қиыншылықтарға шыдай білуі, тұлға, басшы қай кезеңде болмасын ұлт зиялыларының еңбектерінің ең өзекті мәселелерінің бірі болған. Әбу Насыр әл-Фараби өзінің «Бақытқа жол сілтеу» деген еңбегінде: «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгісіз бір жетілу болып табылады. Мұны түсіндіріп жатудың өзі артық сөзді керек етпейді, өйткені бұл мейлінше белгілі нәрсе»- дейді [3.89].

Жетілу кез-келген адамның талпынатын мақсат мүддесі, себебі жетілу дегеннің өзі ол игілік және оның өзі, адамның қалауы. Адам баласы ұмтылатын игілік ретіндегі мақсаттардың саны өте көп болғандықтан, бақыт осылардың ішіндегі ең негізгісі және пайдалысы болып табылатындығы анық. Адам негізінен алғанда - күрделі және қиын құбылыс. Оның күрделілігі сол оның қиындығында, оның жұмбағы өте көп, оның қалауы мен мақсаты шексіз. Сол қалаулы мен игіліктердің ішіндегі көп мақсаттардың бірегейі – ол бақыт. Бақыт - игіліктердің ішіндегі ең үлкен маңызды игілік болып табылады. Әл-Фарабидің «Бақыт» идеясы оның әлеуметтік мәдени негіздерінің этикалық орталығы болып табылады. Ол үшін бақыт ең жоғары жетілу, және шексіз игілік, әрбір адам баласының өмірінің мәні мақсаты. «Бақытқа жол сілтеу» еңбегінде Фараби «бақытқа жеткесін біз басқа мақсатқа жетуге, ұмтылуға қажет етпейтінімізді көреміз, яғни бұдан шығатын қорытынды, бақыт біз үшін және ешқашан біреу үшін болмайды. Бақыт ең тартымды, ең үлкен және ең жетілген игіліктердің бірі», деп жазды [4.6].

Игіліктер ішінде бақыты бағалай отырып, соған жетуге ұмтылатын адамнан оны игерудің әдісімен амалын табуын талап етуі керектігінде мән береді. Ол: «Адам бақытқа жету мақсатында кез-келген амал ойлап, соған жету барысындасаналылықпен әрекет жасаса ғана, бүкіл өмірінде нені қалай жасау қажеттігін, және қалай ажырату керектігін біліп отыратын ақыл-парасатты болса ғана бақытқа жетеді», - дейді. Ойшыл жас ұрпағымыздың санасында және бойында болуға тиісті саналылық, ақыл-парасаттылық қасиеттер бақытқа жетпейтін бір жолы деп көрсетеді. Фараби даналықты адамзат бойында туа бітетін қабілеттілік қасиет деп санайды.

Әл-Фараби ойы бойынша бақытқа жету жолында адамның іс әрекеттері мен қылықтарын рухани түсіну өте маңызды, себебі ол әлеуметтік маңызды әрекет болып табылады, ал бұл әрекет тек адам тілегіне орай қалай әрекет жасауында емес, ол қоғамда мақтауға немесе ұялтуға ие болатындығында тұр. Адам жанының күйзеліске ұшрауымен байланысты табиғи әрекет бақытқа жету үшін жеткіліксіз болады. Адам баласының жақсы да жарқын іс әрекет жасауға деген тілегіде жеткіліксіз болып табылады. Адам өзінің іс әрекетін анық болуына сенімді болуы үшін, адамның іс әрекетінің дұрыстығын қоғамда мойындауы керек. Сондықтан ойшыл «біз өз әрекеттеріміз дұрыс, жан толқыншысы қандай болуы керек, біздің ізденістеріміз жақсы ақылға жету үшін қандай болу керектігін анықтап алуымыз керек», дейді [5.328].

Бақытқа жету проблемасы жеке тұлғаның дамуы тұрғысынан және әлеуметтік мәдени қатынастарды зерттеу тұрғысынан туындады. Әл-Фараби әлеуметтік мәдени қатынастардың индивидуалистік-эгоистикалық этикасына назар аударудан аулақ болатын тұжырымдама жасайды. Ол виртуалды қала тұрғындарының «үйлесімді өмір сүруіне», пессимизмге, әлеуметтік мәдени өмірден қашуға және кетуге бағытталған заманауи тұжырымдамаларға қарағанда, өмірді растайтын рухани дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған [6.89].

Адамзат бойында жақсықасиеттері мен жаман қасиеттері қатар жүреді. Оның бойындағы қабілеттілігін жаман әрекеттер мен жақсы әрекеттерге бірдей қолдануға болады дейотырып, адамсүйгіштік, адалдық әрекеттер мен әділдік, шыншылдық қасиеттерге жоғары құрметпен қарауарқылы оның бойындағы қалыптасқан қабілеттілігін керемет әрекеттер жасауға икемдеу болатындығын айтады.

Әл-Фараби: «Азаматтық саясат» деген трактатында, «адам бақытты ешбіржағдайда басқа күшарқылы емес, тек теориялық ақыл-парасат күшарқылы ғана пайымдайды. Бұл адамға әрекетшілақыл-парасат беретін әуелгі бастамалар мен әуелгі білімдердіадам пайдаланып, пайымдағанда, сонан соң ол талпынушы күш арқылы бақыт жолдарын іздегенде, практикалық ақыл-парасат күшарқылы бақытқа жету үшін ол не істеуі керек екенін ойластырғанда жасалады. Содан соң талпынушы күшарқылы ойластыру жолымен біліп алған әрекеттерді

жасайды. Қиялдаушы және түйсінүші күштеракыл-парасат күшін әзірлейді және оған көмектеседі, адамды бақытқажету үшін жағдай жасайтын әрекеттерге бастайды, міне сондадам игілікке ие болады. Сөйтіп, ерлік күшіне негізделген игілікке қолы жетеді» [7.130],- дейді.

Зұлымдықты айтар болсақ, бұл өзі жоғарыдайтқандай, ақыл-парасат күшімен бақытты пайымдағанда, оның мақсатын теріс түсінген күйінде ғана пайымдайды. Адам баласы бақыттың неекенін түсінбестен, ол соған асығыс ұмтылады және бақытты өмірінің мақсаты етпестен, басқа бірденені: пайданы немесе абыройды мақсат тұтады. Ол талпынушы күштің жетегімен осыған жетуге тырысады. Осы мақсатқақалай жетудің жолын ойластырады. Талпынушы күштің көмегіарқылысоны жүзеге асырады. Сөйтіп абсолюттік зұлымдық орын алатындығына тоқталады.

Адам баласына ортақ қасиеттердің болатынын айта отырып, сонымен бірге әрадамның тек өзіне ғанатән қасиет-қабілеттерінің бар екендігін сөз етеді. Кез келген адам бойындағы өзіне ғана тән қасиетінің болатындығын көрсете отырып, «осы табиғи қасиеттердің бәрі ерік күшіне негізделетінін оны тәрбиелеуді қажет ететінін және оларды елуесіз қалдырып, арнаулы амалдармен дамытпаса, тиісті нәрселерге баулымаса, соның салдарынан уақытын өткізіп алса, онда ол қасиетті жойып алуға болатындығын дәлелдейді.

Адам бойындағы жаратылысынан болатын игі жақсы қасиеттерін белгілі бірамалдармен тәрбиелемесе, оны дамытпаса, оған дұрыс бағыт-бағдар берілмесе жойылып кететіндігін; ол тәрбиеленушінің бойындағы абзал қасиеттерін танып білу арқылы тәрбиелегенде ғана дұрыс нәтиже беретінін ғалым түсінікті етіп баяндаған. Адамдардың жаратылысынан неге лайықты екенін ажыратып білу арқылы тәрбиелеу керектігін, оның белгілібіріс-әрекетке бейімділігін, жетілген-жетілмегендігін ажырату арқылы өзі бейім тұратын іс-әрекетке ыңғайлап, тәрбиелеу аса қажеттіс-әрекет екендігінанықтаған. Өзін-өзітанып тәрбиеленген ұрпақ қанаізгілікке қадам басаалатын ұрпақ болаалады деп ой қорытады.

«Қайсы бір салада нәтижеге жетуге қабілеттіадамдар ондай қабілеті жоқ адамдардың басшысы болады. Бұл оң нәтиже бермейді. Нәтижеге жетуге көбірек қабілеті барадамдар нәтижеге жетуге қабілетіаз адамдарға басшы болса ғана қарамағындағыларға қуаныш, оң нәтиже береді» дейді[8.3056].

Басқағабасшылық ету әрадамның қолынан келе бермейтіндігін және (тиісті әрекетті жасауға) басқарушы қабілет те әрбірадамда бола бермейтін қасиет екендігін, басқалардынайтқанын ғанаістеуге қабілетібарадам ешбір жағдайдабасшы болаалмайтындығын, ондай адамдар барлық жағдайда тек басқа біреудің басшылығында болатындығына тоқтала отырып, ел басқаруды үлкен өнер деп бағалайды. Ұлы ғұламаадам бойындағы тағы да бір өзіндік ерекшелік деп өзгеге өз айтқанын істетте білетін адамдардың, яғни «басшылардың» басқару қабілетіне тоқталады.

Егерадам бойында өз ойлағанын немесе іс-әрекетін өзгеге істетте білетін қасиеті, яғни «ілестіріп алып кететін» ерекшелігі, я болмаса «итермелеуші» қасиетіболмасаол басшы болаалмайды. Яғни, дұрыс басшылық жасау үшін әрбір басқарушыадамдарға басқарушылық қабілетін шеберұштастырабілуі керек деген құнды, қазіргі уақытта да өз мағынасын жоймаған пікірлерін айтады. Тек басшы боламын деп, кеуде соғып, өз пайдасын ғана ойлап жүрген кейбір басшылардың халыққа пайда әкелмейтінін дәлелдейді.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала» идеясында адамның бақытқа қол жеткізуі тек өзара көмек пен ынтымақтастыққа негізделген қоғамда ғана жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ адамның одан оқшаулануынан тыс жердеде жүзеге асырылады. Бақытқа жету адамдар дұрыс тәрбиеге, дұрыс басқаруға және дұрыс көзқарастарға жетелейтін «үйлесімді өмір сүруге» бірлескен кезде пайда болады.

Әл-Фарабидің пайымдауынша, адам, сондай-ақ қоғам жақсылық пен жамандықты, және оның себептері не екенін біле отырып іс-қимыл жасайды, сондықтан ол өзара түсіністіктің негізін қалайтын принциптерді білуі керек. Адамдар мен олардың бірлескен «үйлесімді өмір сүру» үшін ұйымдастырылу тәсілі. Осылайша, ол мемлекеттегі мемлекеттік өмір мен билік туралы ұғымды адамдарды білімсіздік жағдайынан шығарып, ағарту идеологиясын білім мен мәдениеттің негізінде қалыптастырады.

Қайырымды мемлекет құрудың себептерін білу - бұл өз азаматтарының бақытты болуын қамтамасыз ететін мемлекет қандай болу керектігін түсінудің бастапқы нүктесі.

«Бақыт дегеніміз - адам өзімен, басқа адамдармен және табиғатпен үйлесімді болған кездегі «тендестірілген өмір». Бұл материалдық заттардың көптігімен берілмейді, бірақ өмірдің толықтығы - жаһандық жүйе табиғаты - адам - қоғамның ілгерілеуі үшін жағымды адами қасиеттерді дамыту және пайдалану болып табылады[9.576].

Әл-Фараби басшылыққабағынатын адамдарды қайырымды, абзал және бақытты адамдар деп санайды. Бұл адамдар халық болып құрылса, ондайхалықты қайырымды халық деп, ал қоныстанып біріксе, қайырымды қала болып табылады деп көрсеткен. Бұл қайырымды қаланы билейтін басшылардың тілектері, мақсаттары және оны іске асыру әрекеттерінің шынайы, бірыңғай болуының арқасында нәтижеге ие болатындығын және олардың өз бетінше орынды деп тапқан іс-әрекеттері болса, басқару бағытын өзгерте алатындығын, ондай басшының заң бойыншанағыз билеуші болып табылатынын көрсетеді.

«Қала әкімінің ісі, яғни басшының ісі – қала бөлшектерінің өзара байланысын және өзара келісімін орнататындай етіп қала басқару, оның тұрғындарының игілікке ие болумен бірге зұлымдықтың тамырын жою ісінде де біріне-бірі көмек көрсететіндей тәртіп орнату және бақытқа жету үшін пайдасы тиетіннің бәрін сақтап, көбейтіп, зиян келтіретін нәрсені пайдалы етуге тырысып, пайдалы етуге болмайтын нәрсенің зиянын жоюға немесе азайтуға, сәл де болса бағытталуы керек»,-дейді [10.137].

Әл-Фараби қала басшысының істейтін игі істеріне тоқталады. Олардың басқару ісінде келісімге келіп, тіл табысып, зұлымдықты пайдалы іске айналдырып, болмаған жағдайдазиянсыздандырып, адамдардың бір-біріне көмек көрсететіндей, бір-біріне қуаныш сыйлап, бақытқа бөлейтіндей етіп басқаруына тоқталады. Әл-Фараби

адам бойындағы өзі өмірсүрген ортаға жақсылық жасау қасиетін бағалай отырып, бұл қасиеттің басшының бізше «тұлғаның» өн бойында болу керектігін дәлелдейді. Игіліктістерді біліп қана қоймай, оны іс жүзіне асыруға әрекет жасау керектігін және оған бағыттап отырудың қажеттілігін басты мәселе етіп қозғайды. Басшы қала тұрғындарын бақытқа апаратын ең дұрыс жолға сілттеп, оған жеткізетін әрекетке талпындыруы тиіс [11.184-185].

Әрбір топ немесе әрбір халық бұл нәрселерді (діни ұғым, пайымдау, адам жанының сәулеленуі т.б.) өздеріне белгілі бағыт есебінде қабылдаған. Бақытқасиетін адамдардың көпшілігімұндай ұғымдарға, қиял елесіндегі бір нәрселер түрінде сенеді. Адамдар қабыл алатын, ереже тұтатын, сыйлайтын бастамалар туралы да осыны айтуға болады: адамдардың көпшілігі бұған ұғым түрінде емес, қиял елесіндегі нәрселер түрінде қабыл алады.

Әл-Фарабидің түсінігінше «Бақытқа ұғым түрінде сенетіндер және бастамаларды ұғым түріндегі бірдеңе деп қабыл алатындар—бұлар даналар» [12.147].

«Бақыт — әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғындарында көбірек болатындығын дәлелдейді. Әл-Фараби басқаруды қайырымды және қайырымсыз деп екіге бөлді. Қайырымды, білімді, мәдениетті басқару халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Әл-Фараби, «адамдар шынайы бақытқа тек қайырымды қалада ғана қолы жетеді» деп тұжырымдай келіп, Қайырымды қаланың келбетін аша түсу мақсатында адамдар қоғамдастығы шоғырланған қалаларды классификациялап бөледі. Қайырымды қалада алдарына іс-әрекеттің өзара жәрдем көрсете білу мақсатын қойған қоғамдастығы бар қала халқы ғана бақытқа жете алады.

Әл-Фараби шынайы бақыт жолында **ынтымақтастық** жолы ерекше дейді [13.223-225]. Әл-Фараби осы қоғамның өзіндік ерекшеліктерін, ондағы өмірсіру формаларын, басшылар бойындағы қасиеттерді, адамдардың мінез-құлқын, өзі өмірсүріп отырған қоғамның өзіндік ерекшелігін талдайды. «Пасықтық қаласы немесе пасықтық қоғам» деп көңіл көтеру, әзіл-күлкі немесе осы екеуімен де айналысып, ішіп-жеу, ойнас жасау арқылы сезім рахатынабатуды мақсат тұтқанадамдардың қоғамын атайды, «надан қала» тұрғындарының бұл іс-әрекеттерін, арсыздық пен пасықтықтарына қарсылық білдіреді. Бұл қаланың тұрғындары рахат өмір сүру, бақытқа жету жолын тәннің немесе жанныңрахатына қатысты пайдалы нәрселермен емес, ойнап-күлу, ішіп-жеумен ғана бақытқа жетуді көздейтіндігін сынаиды.

«Атақты адамдарға келетін болсақ, олардың пікірінше, атақтылықтың бұрынғы ұрпақтарынан мирас болып қалған, олардың әкесі мен ата-бабалары бай болса, немесе рахат өмірге кенелу үшін, оларда қымбат нәрселер, қаржы-қаражат мол болса, я болмаса, бәсеке-жарыстардан жеңіп шықса және осы нәрселерімен басқаларғапайдасын тигізген болса, бұл топ адамдарынанемесе қаланың барлық тұрғындарына, өздерінің сұлулығымен, төзімділігімен және ажалдан қаймықпайтын айбатымен, яғни жеңіске жету қаруларымен көзге түскен болса, атақты болады», -дейді [14.156].

Адам бойындағы атақтылық қасиеттің осылайша қалыптасатынын ұлы ғалым бізге сол кездегіадамдардың ой-түсінігімен, топшылауымен түсіндіруге тырысқан. Атақ-абыройдың қалайша келетінін жіктей отырып, байлық-мансабымен қатар, басқаларға пайдасын тигізетін, өздерінің бойындағы жан сұлулығы мен төзімділігін, қаймықпайтын айбатын көрсете білетін адамдарды атақты адамдар қатарына жатқызады. Абыройқұмар басшы байлыққа, мансапқа қызықпай өздерінің істеген игіістері үшін тек құрметтен басқа ешнәрсе талап етпейтін, өзіістеген игіліктіістері үшін мадақтауды ғана талап ететін басшыларды айтқан. Әл Фарабидің пікірі бойынша, «Бақыттың игіліктер арасындағы орны сондай, адам бақытқа жетуі үшін оған жеткізетін әдістер мен заттар болғанын қалайды» [15.114].

Әкімдердің осы қасиеттеріне орай «атаққұмар», «абыройқұмар» басшылар деп екіге бөліп қарастырған. Бақытты іздеу адамның өмірге жалпы бағасын ізденуде, оның тұлғалық және өзін-өзі іске асыратын, барлық шығармашылық сұраныстарын қанағаттандыруы және оларды жеке қоғамдық жүзеге асыруында жатыр.

Әл-Фараби өзінің «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» деген еңбегінде «Қалаларды қалай басқару керек?»- дей отырып, бұл сұраққа жауап та береді. Ол- басқарғанда ондағы тұрғындардың тұрмысының жақсаруына көмектесу, сөйтіп оларды бақыт жолына бағыттап отыру керектігін нақтылайды. Яғни, өз өмірінің бақытын көру үшін өзгеге қызмет ету, өзгені бақытты ету үшін өз бойындағы күш-қуатынды, ақыл-ойыңды жұмсау қажет деген қағиданы ұстанады.

Әл-Фараби ұсынған бақыт табиғаты туралы мәселе әлеуметтік онтологияда әлі күнге дейін маңызды. Әл-Фарабидің еңбектері туралы А.Х. Қасымжанов: «Бақыт - әл-Фараби этикасының орталық категориясы – бұл жеке нәрсе емес. Оған өзін-өзі оқшаулау жолымен ғана қол жеткізу мүмкін емес. Жақсы қалада адамдардың бақыты, ізгілік, әділеттілік пен сұлулық іске асады» [16.147]. Адамның денесінің науқас және сау болатыны сияқты, оның жаны дасау немесе науқас болады. Жанның саулығы дегенде, әрдайым ізгі қасиеттер, игіліктіістерістеуі керек, тамаша әрекеттержасауы тиіс. «Денені емдеуші – дәрігер, ал жанды емдеуші - әмірші деп аталатын мемлекеттік қайраткер», - дей отырып, осы әміршінің, яғни мемлекет қайраткерінің бізше «ұлттық тұлғаның» бойындағы қасиеттерді талдап, ғылыми тұрғыдасаралап көрсетеді.

Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қайырымдылық пен жаман қылықтаадамаға әуел бастан жаратылысынан дарымайды. Бірақ қайырымдылыққанемесе жаман қылыққа байланысты жаратылысынан бейім болуы мүмкін. Сонда оған қандай да болсын басқа әрекеттерден гөрі, әлгі күйден туатын әрекеттердіістеу оңайырақ болады. Дәл сол сияқты, ол жазумен немесе қандай да болсын басқа өнермен байланысты әрекеттерге бейім болуы мүмкін. Сонымен, оны қандай да болсын сырттан келген басқа бір ниет қарама-қарсыжаққа бағыттап жібермесе, ол әуелбастан-ақ жаратылысынан өзіне оңайырақ келетін әрекетке бет қояды,-дегендіайтады.

Әл-Фараби әр терминге ғылыми анықтама бере келіп, «Даналық дегеніміз – қалған басқа заттардың болмысын айқындап беретін, шалғайсебептердіжәне себептері бар заттардың таяу себептерін білуі,-деп көрсетеді[17. 221].

Әл-Фарабиөзінің дүниеге көзқарасын, этика және эстетикамәселелерітұрғысынан қарастыраотырып, жүйелендіре, нақтылай түседі. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету туралы» трактаттарында ол адам қоғамының шығуы, өмірсүру формалары, адамның мінез-құлқы, әділетті әкімнің бейнесі туралы ой толғайды. Ол ең әуелі өзі өмірсүріп отырған қоғамның құрылымын талдайды. Адамдар қауымының өмір сүру ортасыретінде қала халқын алады. Қалаларды жік-жікке бөле келіп, ол кемел де үлгілі құрылым ретінде ізгі қаланы таңдайды. Оған жақын келетін және тұрмыстық байланыстағы құрылым ретінде еңбекшілер тұратын «қажеттілік қаласы» деп атайды. Әл-Фараби әрі қарай «алыс-беріс» қаласы саудагерлер мен алыпсатарлар мекені, «бақытсыздық пен бұзылғандық қаласы» (ұры-қарылар, арам тамақтар мекені) деп бөліп ажыратады. Ізгі мемлекет (қала) туралы ілімін жасаудаәл-Фараби Платонға еліктеп, мемлекеттің әрбір мүшелерін белгілі бір қызметтіатқаратын адам тәніне ұқсас етіп қарастырады.

Осыған сәйкестігі мемлекеттегі феодалдық құрылысы суреттеледі. Идеалистік түрде жақауратып айтылғанмен, әл-Фараби адамдар арасындағы теңсіздік, артық-кемшілік анық сезілетіндігіне тоқталған. Мысалы, халық мемлекеттің жүрегисаналғанымен, олар да күн көріс қамын, харекетін жасауға, ойлауға мәжбүр,ішіп-жеу, үйлену-тойлану т.б. Ол мұндай теңсіздікті, әділетсіздікті жоюдың бірден-бір жолын ағартушылық, адамгершілік қасиетін тәрбиелеуді күшейту деп қорытады [7.21].

Қорытынды

Бақыт ұғымы әл-Фарабидің әлеуметтік мәдени негіздерінің өзегін құрап тұр. «Бұл феноменнің адам үшін құндылығы аса зор екендігі үнемі ескертіліп отырады» [18.177]. Бақыт мәселесін жан-жақты қарастырған ойшыл оның мынадай маңызды тұжырымдарын келтіреді: «ең үлкен игілік және ...оған адам ұмтылатын ең кемелді мақсат болып табылады», «бақыт адамға өз-өзімен және басқалармен үйлесімді өмір сүру үшін қажет», «бақыт бұл өзі үшін ғана ізделетін қайыр, жақсылық. Бақытқа жетуге көмектесетін ерікті әрекет – бұл әдемі әрекет. Оларды тудыратын адамгершіліктер мен әдеттер – бұл қайырымды нәрселер» [19.157].

«Бақыт – әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады.

Әл-Фараби «адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам, барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер жүзі осылайша қайырымды мекен болмақ» [20.305].

Бұл әл-Фарабидің адамзатты болашақ бақытқа жеткізу жөніндегі ең басты гуманистік принципі, халықтар достығы – ырыстың басы – ғұламаның түпкі ойы, имандай сыры міне осы қағидада жатыр. Басқаша айтқанда, адамдар бақыт жолында өзара көмек, достық, бейбітшілік қатынаста өмір сүруі керек [21.146].Осы бақыт тақырыбына орай, 2016 жылы **Біріккен Араб әмірлігінде БАӘ-нің премьер-министрі, Дубай қаласының әміршісі Мухаммед әл-Мактұмнің бастамасымен лауазымды қызметтің жаңа түрі пайда болды. Ол қызмет «Бақыт» министрлігі деп аталады. Ол министрліктің міндеті – мемлекеттік бағдарламалар мен саяси шаралар арқылы қоғамды бақыттырақ ете түсу. Сондай-ақ, «діни төзімділікті» әмірлік қоғамындағы басты құндылық ретінде дамыту, осы министрліктің құзыреттілігіне жатады. Бұл ерекше бастама да әл-Фарабибамамыздың «бақыт» концептісінің әлеуметтік-мәдени негіздерімен тікелей ұштасатын идеяның заманауи жемісі.**

Әл-Фараби идеяларының әлеуметтік мәдени негіздері, айтылған ой пікірлері осы күнгі өмір талабымен үндесіп жатқаны даусыз. Адам бойындағы, оның ішінде басшы бойындағы бұл қасиеттердің қазіргі басшылардың да бойына қойылатын талаптар екені анық. Адал болып, айналасындағы адамдарға жылылықтың нұрын шашып, бақыт сыйлап бөліп жармай, қарамағындағыларды тең ұстайтын, өз жұмысын жақсы білетін білімді әрі адал басшыларға қоғам әлі де зәру.

Болашағымыздың жарқын, қоғамымыздың «ізгілікті болуы» үшін шындық пен шыншыл адамдарды сүйетін адал қайырымды басшылар көп болса, елде, қоғамда бақытты болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әл-Фараби,(1975). *Әлеуметтік-этикалық трактаттар* // Алматы,– 5-6 бб.
2. Омаров Е.С.,(2009). *Бақыт онтологиясы: Әл-Фарабиден бізге дейін* // Қазақ өркениеті. Казахская цивилизация. №3 (35).–13б.
3. Әл-Фараби,(1975).*Бақыт жолын сілтеу* – Алматы, RS, Халықаралық Абай клубы, 2005). –89б
4. Әл-Фараби,(1975).*Бақыт жолын сілтеу* – Алматы, RS, Халықаралық Абай клубы, 2005). –6б
5. Нысанбаев Ә.,(1998).*Адам және ашық қоғам*. – Алматы: Қаз. энцикл.,–328 б.
- 6.Әл-Фараби,(1975).*Бақыт жолын сілтеу* – Алматы, RS, Халықаралық Абай клубы, 2005). –89б
7. Әл-Фараби,(1975). *Әлеуметтік этикалық трактаттар*.Алматы.,–130б.
8. Аль-Фараби, (1970).*Философские трактаты*. - Алматы:Наука, – с. 305
9. Кузык Б.Н. Яковец Ю.В.,(2009). *Цивилизации: теория, истоия, диалог, будущее/ Б.Н. Кузык, Ю.В.Яковец; авт. Предисл. А.Д. Некипелов.– М.: Институт экономических стратегий. Т. VI: Перспективы становления интегральной цивилизации. – М.: Институт экономических стратегий, – 576с.*

10. Әл-Фараби, (1975). Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы., –137б.
11. Роллан Сейсенбаев, (2014). Абу Насыр Аль-Фараби Международнй клуб Абая. Жидебай,– С.184-185.
12. Әл-Фараби, (1975). Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы., –147б.
13. Ханифи Өзжан, (2001). Фараби дүниетанымындағы бақыт мәселесі // Наследие аль-Фараби и мировая культура: материалы Международного конгресса «Наследие аль-Фараби и мировая культура». – Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК,– С.223-225.
14. Әл-Фараби, (1975). Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы., –156б.
15. Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ә., Ғабитов Т., (1997). Әдеп негіздері. Алматы., – 114 б.
16. Касымжанов А.Х. (1982). Абу Наср аль-Фараби. Москва: Мысль. 147б
17. Әл-Фараби, (1975). Мемлекеттік қайраткерлерінің нақыл сөздері. Философиялық әлеуметтік трактаттарында. Алматы. Ғылым баспасы, –221б.
18. Нұрмұратов С.Е., (2001). Әл-Фараби іліміндегі рухани құндылықтар// Наследие аль-Фараби и мировая культура: материалы Между-народного конгресса «Наследие аль-Фараби и мировая культура». – Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, – сс. 175–181.
19. Әл-Фараби, (1975). Мемлекеттік қайраткерлерінің нақыл сөздері// Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. М.: Прогресс, 2000. С.157.
20. Әл-Фараби, (1975). Мемлекеттік қайраткерлерінің нақыл сөздері. Философиялық әлеуметтік трактаттарында. – Алматы., –305б.
21. Көбесов А., (2002) Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. Алматы., –146б